



Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

## ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ОТШАШУ:



## СӘН МЕН ҚАУІП

Жаңа жылдық мерекеге аз уақыт қалды. Кез келген жаңа жыл отшашусыз өтпейтіні рас. Отшашу мерекенің сәнін келтіріп, қуанышка бөлеп, көтеріңкі көңіл-күй мен ерекше жылулық сыйлайды. Жаңа жылдық отшашуларды тамашалау ерекше әсер қалдырып, мерекені есте қаларлықтай етеді. Әсіресе балалар үшін бұл сәттер мәңгі есінде сақталып, олардың қуанышын еселей түседі. Отшашулардың бірнеше түрі бар: әуе фейерверктері, жер отшашулары, түрлі-түсті және фонтанды салоттар. Әрқайсысы өз ерекшеліктерімен мерекені ұмытпайтұйып, ортақ қуанышты және тойды бейнелейді. Мәселен, фонтанды салот ұсақ жарық шапырауларымен ерекшеленіп, айналаны нағыз ертегі әлеміне айналдырады. Әсіресе Жаңа жыл, атаулы мереке мен тойларда жиі қолданылады. Дегенмен пиротехникалық бұйымдардың зияны да бар. Қоршаған ортаға әсерімен қатар адамдардың естен кетпес әсер алуға деген ұмтылысы қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін. Қауіптің алдын алу мен қоршаған ортаға әсерін зерттей отырып, пиротехникалық бұйымдардың жасалу тарихына тоқтала кетейік.

«СМАРТФОНСЫЗ САБАҚ»: БІЛІМ САПАСЫ МЕН БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ КІМДІ ОЙЛАНДЫРУУ КЕРЕК?

Қазір смартфонсыз жасты да, жасамысты да елестету мүмкін емес. Тұрмыспен бірге санаға да енген техниканың адамға орасан зор кесірі барын білсек те, одан бас тарту қиынақ. Әсіресе мектеп оқушыларының смартфонға тәуелділігі алаңдатады.

Жалпы мектеп қабырғасында смартфон пайдалануға тыйым салу бұрыннан айтылып келе жатқан мәселе. Дегенмен білім саласының мамандарының өзі оның мүмкін еместігін айтқан. Себебі салаға қатысты бастамалардың өзі оқушыны гаджетке тәуелді етеді-мыс. Соған қарамастан смартфоннан бас тартып, білім сапасын арттыруды көздеген білім ұясы да бар екен. Алайда бұл оқу сапасына айтарлықтай әсер етпеген көрінеді. Осылайша смартфон мәселесі де жабулы күйінде қалды.

Жуырда ел астанасындағы бірқатар білім ошағында оқушылар смартфоннан бас тартты. Астана қалалық білім басқармасының мәліметінше «Смартфонсыз мектеп» пилоттық жобасы аясында оқушылар бірінші сабақтың алдында ұялы телефонның арнайы ұяшықтарға салып қояды. Бұл өз кезегінде білім сапасын арттыруға, оқушылардың ойлау қабілеті мен психологиялық денсаулығына оң әсер етпек. Сондай-ақ балалар смартфонға арналған ұяшықты еңбек сабағында өздері қолдан жасамақ. Расымен, смартфоннан келетін зиянды ескерсек, әрі сабақ барысында баланың тек білім алуға уақыт бөлгенін қаласақ, бұл – құттарлық іс. Жалпы смартфонға тыйым әлемдік тәжірибеде бар. Мәселен, АҚШ, Франция, Әзербайжан, Тәжікстан және Грекия елінде оқушыға сабақ барысында смартфон ұстауға қатаң тыйым салынған. Себебі смартфонның балалардың назарын шоғырландыруға, оқуға және психикалық денсаулығына кері әсерін тигізетіні зерттелген. Осы орайда бұрынғы оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов білім ошақтарында смартфонды шектеуді қолдайтынын айтады.

– Еске сала кетейін, өткен жылы біз сабақ кезінде телефондарды пайдалануға тыйым салатын заң қабылдадық. Бірақ басқа елдер одан да қатаң шараларға көшті. Мысалы, Улыбритания және көптеген еуропалық елде мектеп ғимараттарында смартфондарды пайдалануға қатысты қатаң ереже енгізілді. Менің ойымша, Қазақстан мектептеріне осы тәжірибені пайдалану мәселесін талқылау қажет. Ата-аналармен бірге бұл шаралардың қажеттілігін ашық талқылап, балаларға қолайлы білім беру және даму ортасын жасау маңызды, – деді депутат өзінің Telegram-арнасында.

4-БЕТТЕ



## 12 СИЫР, 7 ЖЫЛҚЫ ТӨЛДЕТКЕН ВЕТЕРИНАР



Төрт түлікті жесе – тағам, ішсе – сусын, мінесе – көлік еткен қазақтың малсыз күні жоқ. Атақәсіп қай кезеңде де елден ажырамақ емес. Облыс орталығында тұрған елдің өзі бір сауын бие алса да, айналасына сауымал мен қымыз үлестіріп, пайдалы істі қолға алған. Мұны көзіміз көріп те, құлағымыз естіп те жүр. Қайсыбір жылы тәжтажалға төтеп беруде осы ағарғанның пайдасын көргендер көп. Бүгінгі жас ел ішінде екі қолға бір күрек табатын, кейін жұмыссыз қалмайтын саланы тандайды. Алдыңғы толқынның сандық түбінде сақталған дипломдары талайға сабақ болғанының нәтижесі шығар... Міне, дәл сол тәрізді Нұрдаулет Мәжит те мал дәрігері мамандығын тандаған. Ол жеті жылдан бері осы салада тер төгіп жүр.

3-БЕТТЕ

## «АРТ-спорт» БАҒДАРЛАМАСЫ: 13 731 бала тізімнен алынды

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жанаалиновтың төрағалығымен құқық қорғау органдарының жауапты өкілдері мен тиісті салалық басқарма басшыларының қатысуымен «Артспортқа» қатысты жиын өтті.



Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының тапсырмасына сәйкес облыстық прокуратура жанынан құқық қорғау органдары өкілдерінен тұратын жұмысшы тобы «Артспорт» бағдарламасымен жұмыс істейтін өнім берушілерге тексеру жұмыстарын жүргізіп жатқанын

бұған дейін айтқан едік. Бүгінде жұмысшы топ тарапынан 19 субъектінің жұмысы сараланып, нәтижесінде 127,2 млн теңге қаражатын заңсыз иемдену фактілері анықталған. Оның 106,1 млн теңгесі мәдениет саласына, ал 21,1 млн теңгесі спорт саласына тиесілі.

2-БЕТТЕ

## МОБИЛЬДІ АУДАРЫМ: 2025 жылы не күтіп тұр?

2025 жылдан бастап Қазақстанда мобильді аударымдарға қатысты жаңа ережелер енгізіледі. Егер жеке тұлғаның шотына үш ай бойы 100 немесе одан көп әртүрлі адамнан қаражат түссе, бұл кәсіпкерлік қызметтің белгісі ретінде қарастырылады. Мұндай жағдайда мемлекеттік органдар заңсыз кәсіпкерлік қызметті анықтау үшін камералдық бақылау жүргізеді. Орталық коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында қаржы вице-министрі Ержан Біржанов мәлімдегендей, 2025 жылға қарай министрлік қазақстандық кәсіпкерлердің мобильді аударымдары жөнінде толық ақпарат алады.

– Жеке тұлғалар арасындағы мобильді аударымдарға тыйым салынбайтынын тағы да атап өткім келеді. Егер туыстарыңызға, әріптестеріңізге немесе қажетті жағдайларға ақша аудару қажет болса, бұл жерде ешқандай шектеу жоқ. Бірақ біз тауарларды сату, қызмет көрсету немесе жұмысты орындау кезінде төлемдердің жеке тұлғалардың карталарына емес, бекітілген банктік шоттар мен POS-терминалдар арқылы жүргізілуін қадағалауды ұсынып отырмыз, – деді Ержан Біржанов.

Бұл өзгерістердің басты мақсаты – көлеңкелі экономиканы азайту және



салық төртібін күшейту. Дегенмен кәсіпкерлікпен байланысы жоқ жеке мақсаттағы аударымдар тексерілмейді. Кәсіпкерлерге төлемдерді қалыңдықпен, QR-код немесе POS-терминал арқылы қабылдау талабы қойылады. Қалыңдық түбіртегі бермеу тұтынушы құқықтарын бұзу болып есептеледі.

Мемлекет тарапынан енгізіліп жатқан шаралар қоғамда түрлі пікірлер тудыратынын белгілі. Бір жағынан, бұл

қадамдар салық салудың әділдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Екіншіден, азаматтар өздерінің қаржы аударымдарының бақылауына байланысты алаңдаушылық білдіруде. Кейбір азаматтар жаңа ережелерді жеке өмірге қол сұғу ретінде қабылдауда. Осы мәселелерді шешу үшін елімізде жыл басынан бері ақпараттық-түсіндіру науқаны кеңінен жүргізілуде.

3-БЕТТЕ

### СҰХБАТ

## Балдырған МӘМЕН, «Қарызсыз қоғам» жобасының Қызылорда облысы бойынша қаржы сарапшысы: ХАЛЫҚҚА АҚШАНЫ ТИІМДІ ЖҰМСАУДЫ ҮЙРЕТТІ

Қазіргі кезде қоғамдағы әлеуметтік мәселені шешу үшін «қаржылық мәдениет» қалыптастыру қажет. Осы мақсатта «Қарызсыз қоғам» жобасы қолға алынғаны белгілі. ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі және «AMANAT» партиясы бірлесіп жасаған жоба жыл аяқталар сәтте биылғы жұмысын қорытындылады. Жоба аясында биыл 780 мыңға жуық адам қаржылық сауатты арттырған. Ал Сыр өңірінен бұл жобаға 8 мың адам қамтылады деп жоспарланса, жыл ішінде қаржылай сауатты болуға ынталылар көбейе түсіпті. Соның нәтижесінде «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында өңірде 11,2 мың адам қаржылық білімін жетілдірген. Жыл бойы жүзеге асқан жоба биылғы жұмысын қорытындылаған сәтте «Қарызсыз қоғам» жобасының Қызылорда облысы бойынша қаржы сарапшысы Балдырған Мәменмен сұхбаттасқанды жөн көрдік.

2-БЕТТЕ



4-БЕТТЕ

### Баспасөз-2025

**АҒАЙЫН,  
«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»  
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.  
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.  
Жекелер үшін  
6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.  
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:  
40-05-81, 70-14-08.



## ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ



**Шолпан Сүлейменованың денсаулық сақтау саласында жұмыс істеп келе жатқанына 30 жылдан асты. Ол – 7 баланың анасы. Отбасылық кәсібі бар. Отандық өнім шығарушы кәсіпкерлердің бірі. Мемлекет басшының «Тұтынушы елден өндіруші елге айналайық» деген бір ауыз сөзі оның қадамына тын серпін берді.**

## КӘСІПТІҢ КӨЗІН ТАПҚАН ЖАН

Шолпан Жәдігерқызы негізгі жұмысымен қоса сауда-саттық саласында шағын кәсіп бастап көреді. Тойтабаққа салынатын түрлі сабындар жасайды. Оған қоса ауладағы жылжымайтын қияр, көк жау, асқөк, ақжелкен өсіріп сатады. Бұл кәсіп түрін әлі де жалғастыруда.

– Кәсіптен кәсіп туғызба бергізім келді. Бала-шағамызбен ақылдасып өнім шығарушы деп шештік. Үнемі сұраныста болатынын ескере келе дәретхана қағазын шығармақ болып келістік. Қаржыландыру көздерін іздегенімде «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығының ұсынған талаптары ұнады. Сонымен, 6 пайызбен мемлекеттік бағдарлама аясында 6 млн теңге жеңілдетілген несиені алдым, – дейді Шолпан Сүлейменова.

Кәсіпкер алғашқыда қажет құрал-жабдықты табу оңай болмағанын айтады. Жартысын өзге өңірден тауып, қалғанын Қытайдан алдырып кәсіпін бастап кетеді. Негізгі кәсіпті жүргізіп отырған екі баласы – Нұрбек пен Бекзат. Өнімнің дизайнын балалары Рәсулбек пен Ерзат құрастырған. Бүгінде бір қорапта 10-нан 24-ке дейін сиятын дәретхана қағазын шығарады.

– Қазір бізге жетпей жатқаны макулатураны өңдейтін құралдың жоқтығы. Біз жинаған макулатураны көрші облысқа барып, қолдануға болатын материал етіп әкелеміз. Келген сон арнайы қалыпқа салып, кәсіп, дайын өнімдерге айналдырамыз. Кәсіптің бұл түрін бастағанымызға да төрт жылға таяп қалыпты. Сұраныс жоғары. Тұрақты тұтынушылардан да ауыспайды, – дейді кәсіпкер.

Бүгінде Қызылордадан шығатын «Жаңақорғандық» деп аталатын дәретхана қағазы облыс көлемінде, сондай-ақ Орал, Қостанай, Өскемен қалаларына да жіберіледі екен. Шолпан Жәдігерқызының балалары күніне 4000 данадан астам, ал айына 120 мыңнан астам дәретхана қағазын шығарады. Бағасы да қалтаға қонымды, 70 теңге тұрады.

Шолпан Сүлейменованың балалары да еңбеккер. Жейдеге, ыдыстарға сурет салуды менгеріп, кәсіп етуде. Кәсіпкер алда кәсіпін кеңейтуді көздеп отыр. Сұраныс барда ұсынысты да арттырмақ.

**«Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығының баспасөз қызметі**

## Балдырған МӘМЕН, «Қарызсыз қоғам» жобасының Қызылорда облысы бойынша қаржы сарапшысы:

# ХАЛЫҚҚА АҚШАНЫ ТИІМДІ ЖҰМСАУДЫ ҮЙРЕТТІ

– «Қарызсыз қоғам» жобасының негізгі мақсатына тоқталып өтсеңіз...

– Елімізде «Қарызсыз қоғам» кең ауқымды әлеуметтік жобасы жүзеге асуда. Жобаның негізгі мақсаты – халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға және несиелік жүктемені азайтуға бағытталған. Біз осы мақсатта ауқымды жұмыс атқардық. Жобаға қатысқан азаматтарға қаржылық сауаттылықты үйретудің бірнеше бағыты бар. Соның ішінде бюджетті қалай жүргізу керек, жоспарды қалай құру керек? Жалпы халық табысының деңгейі қандай? Егер отбасына тапқан табыс жетпейтін болса, себебі неде? Оның экономикаға тікелей қандай байланысы бар? Осы бағыттарды зерттеп, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Қазіргі уақытта несиені алу кезінде алаяқтық өршіп тұр. Алаяқтарға алданып қалмау жолдарын көрсетеміз. Сонымен қатар банкроттыққа қалай өтініш беруге болатынын жіті түсіндіреміз. Одан бөлек, қаржылық капиталды қалай инвестицияға айналдыруға болатынын, кәсіпкерлікпен айналысу үшін демеу болар бағдарламалар туралы ақпарат береміз. Жоба аясында мемлекеттік бағдарламаларды да түсіндіреміз. Құжат жинауға көмектесеміз.

– Қаржылай сауатты болу үшін не істеу керек?

– Қаржылай сауатты болу үшін ең бірінші қадам – кіріс пен шығысыңды тұрақты есептеу. Кіріс пен шығысты тұрақты жазып отырып, шығысыңның кіріс шығыс көлемі асып кетпеуін қадағалау. Шығысын жазбаған адам қалай десек те қаржылық сауаттың келесі кезеңіне өтуі қиындау. Себебі әрбір адам отбасылық бюджет көлемін білмейінше, өзінің табыс көлемін анықтай алмайды. Қаржыны тиімді басқару, негізгі мақсаттарға бөліп, жұмсай білу қаржылай сауатты болудың алғашқы баспалдағы.

– Халықты қаржылық сауаттандыруды мақсат еткен жоба жұмысы да аяқталды. Нәтижесі бар ма?

– Жобаның алғашқы күні сынай қарайтын болды. Ал бесінші күні бізбен кимай қолданды. Жобаға қатысқандарға сертификат бір-ақ рет беріледі. «Сертификат қажет емес» деп бірнеше рет қатысқан азаматтар да бар. Олар – қаржылық сауатты одан әрі жетілдіруге ұмтылғандар. Бұл жобаның халыққа пайдасы тиіп жатыр деп айта аламын. Халық қазір алаяқтықтың түрлі тәсілдері көбейіп кеткенін түсінді. Қаржы пирамдаларына арналған құралды қолданып жатқандар бар. Біздің сабақтың нәтижесінде қаржылық мақсат құрып, әр түрлі көздер арқылы ақша жинап жатқан қарапайым адамдар бар. Осы жобаға қатысқан адамдарға мемлекеттік бағдарламалар бойынша несиені алу жолдарын айтып, құжат жинауға да көмектестік. Быыл екі азамат мемлекеттік бағдарлама аясында үйлі болды. Бірі – қопбалалы ана. Екіншісі – мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасы. Олар бірнеше жыл бұрын кезекте тұрған. Байқауға қатысуға жол сілтеп, олардың баспаналы болуына сеітіміз тиді. Осындай нәтижелерді көрген кезде шынымен-ақ жобаның пайдасы бар екенін сезінеміз. Жалпы, Қызылорда облысында бес сарапшы маман жұмыс істеуде. Оларда да жақсы нәтиже бар.

– Қаржылық сауаттылық дегенің шын мәнінде қарапайым адамдар түсіне ме?

– Қаржыны дұрыс басқара алмағаннан мәселе

Басы 1-бетте



туындайды. Жалпы, несиені алып оны жабу үшін де сауатты болу керек. Қаржылық сауаттылық – қоғам талабы. Әрбір адам қаржылық тұрғыдан сауатты болып, өзіне зиян тигізетін және шығын келтіретін жайттардан сақтану қажет. Сондықтан да «Қарызсыз қоғам» жобасы таптырмас мүмкіндік. Әр адам қазіргі уақытта қаржылай сауатты болуы тиіс.

– Жоба халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға көмектесе ала ма?

– Дәл осы жобадан кейін халықтың өмір сүру сапасы жақсарып кетеді деп айту артықтау болар. Халықтың өмір сүру сапасы жақсару үшін жан-жақтан қолдау тетіктері керек. Білім, біліктілік және соған сәйкес жұмыс деген секілді. Бірақ бұл жоба табысыңдызды қайда кететінін және оны қалай үнемдеу керектігін жол көрсетеді. Қаржыны дұрыс басқару деген байып кету деген сөз емес. Ең бастысы, ақшаны дұрыс жұмсай білуге үйрену. Яғни алдағы уақытта жобаның өміршең екендігін түсінеміз.

– Жас ұрпақтың қаржылық сауатты қалай арттыруға болады?

– Быылдан бастап «Қарызсыз қоғам» жобасының аясында қаржылай сауатты тек он сегіз жасқа асқан азаматтар емес, мектеп жасынан бастап, одан бөлек студенттерге үйрету туралы шешім қабылданды. Аймақтағы кейбір мектептерде арнайы факультативтік пән ретінде енгізілді. Қазіргі уақытта сабақ беретін мұғалімдердің біліктілігін жетілдіріп, кезек-кезеңімен оқытуда.

– Бір жыл ішінде қандай ой түйдіңіз. Ауыл адамдарының өмір сүруі қандай деңгейде?

– Бір жыл көлемінде Қазалы, Қармақшы, Сырдария аудандарында болдым. Халықтың өмір сүру деңгейіне қатысты көңіл-күйді түсіретін жағдайлар да кездесті. Тұрғындардың табыс деңгейінің аз екенін көріп жүрміз. Ауыл адамдарында жұмыс көзінің, әр түрлі мүмкіндіктердің жоқтығы байқалды. Сондықтан әрбір адам қаржылық сауатты болу қажет. Қолдан келетін кез келген істі дамытудың түрлі жолдарын қарастыру керек. Яғни, өмір сүру деңгейін өзгертуге әрбір азаматтың өзі ұмтылған жөн болар еді. Негізі еңбек етемін дегенге мемлекеттік бағдарламалар, қолдау тетіктері бар. Алайда сол туралы нақты ақпарат ауыл халқына дұрыс жетпейді деп ойлаймын. Егер барлық мүмкіндікті қолдана білсе, өмір сүру сапасын

жақсартуға болады. Қаржылық сауаттылықты арттыру ауыл тұрғындары үшін аса маңызды.

– Көбінесе аудан, ауылдарды аралап жүргеніңізді білеміз. Ауыл халқы бұл жобаның негізгі мақсатын түсіне алды деп ойлайсыз ба? Көп адам сертификат алу үшін қатысқан жоқ па?

– Быыл 2300 азаматты оқытып, сертификат бердім. Қатысқан азаматтардың ішкі миссиясына, қабылдаған шешімдеріне қатысты айта алмаймын. Сертификатты қандай мақсатта қолданғысы келеді, ол адамның өз еркінде. Тек сертификат үшін қатысты деп те сөге алмаймыз. Қазіргі алған сертификатты өмір сүру сапасын арттыруға көмектесе алса, онда жоба рәсімімен де көздеген мақсатына жетті. Бірақ жобаға қатысқаннан кейін азаматтардың басым бөлігінде өзгеріс болып жатқанын көзбен көріп отырмыз. Қарапайым адамдар қаржылық жоспар құрып, өз мақсатына ақша жинауды бастап кеткенін айтып жатады. Одан бөлек, қарыз алмауға тырысу да. Мұның барлығы жобаның арқасында жеткен нәтиже деп айта аламын.

– Сарапшы маман ретінде оқырмандарға қаржыны басқару, қарыз алмау жөнінде кеңес айтып өтсеңіз...

– Жалпы азаматтарға айтатыным, қаржылық сауаттылық – қай кезеңде болсын үнемі бізге керек білім. Дәл қазіргі кезеңде қаржылық сауаттылық өте маңызды. Оқырмандарға айтар ең бірінші кеңесім: Ең болмаса шығындарды есептеп бастаңыз. Қайда, қалай жұмсағаныңызды жазып жүріңіз. Шығынды есептеу арқылы қаржылық сауаттылықтың алғашқы баспалдығынан өтесіз. Бір-екі рет жазып үйренесіз, қалыптасып, әрі қарай қызығушылық пайда болады. Сол арқылы қаржыны қалай басқару қажеттігін үйренесіз. Қаржылай сауатты болу үшін оқып, үйреніп және әдетке айналдыру керек. Бұл да білім алудың бір түрі. Ал әртүрлі бағытта білім алу ешқашан кеш емес. Яғни, сіз қаржылық тұрғыдан сауатты боласыз. Осы орайда, «AMANAT» партиясына және жобаны қолдаған қаржы институттарына алғыс айтымын келеді. Бұл жоба халыққа қажет.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан  
Айтөлкын АЙТЖАНОВА

## Оралхан Бөкей – өр Алтайдың асылы

**Жазушының айтуынша, «Жазушылық дегеніміз – шындыққа жүгіну, ал әдебиет дегеніміз – сол шындықты шырақ алып іздеудің бір формасы». Жазушы шығармаларының басты тақырыбы – адамның рухани ізденістері, табиғат пен адамның арасындағы байланыс, адамның ішкі жан дүниесінің күрделі қырлары. Оралхан Бөкей шығармаларында шынайылық пен терең философиялық ой ұштасып жатыр.**



бас көтермей отырғанын көрген ата-анам «көзінді құртасың, оқыма» деп тыйым салатын», – деп қаламгердің жастайынан әдебиетті құштарлықпен оқып, өз арманына жете білгенін жеткізді.

Оралхан Бөкей – ұрпаққа ұлағатты үлгі. Жазушының шығармашылығын насихаттауға арналған тәрбие сағаты үлкен әсерлі іс-шара ретінде ұйымдастырылды. Бұл шараның басты мақсаты – ұлы жазушының бай мұрасын жастарға таныту, оның шығармалары арқылы рухани тәрбие беру болды.

Тәрбие сағаты барысында Оралхан Бөкейдің танымал шы-

ғармаларының бірі – «Апамның астауы» атты шығармасынан спектакль қойылып, студенттерге ерекше әсер сыйлады. Бұл туындының көмегімен студенттерге ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты көрсеттік. Балалар спектаклді үлкен ықыласпен тамашалап, шығарманың терең мағынасын түсініп, ой-пікірлерін айтты.

Сонымен қатар Оралхан Бөкейдің шығармаларына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды. Онда жазушының туындылары, өмірбаяны мен шығармашылық жолы туралы материалдар қойылып, студенттер жазушының

бай мұрасымен жақын танысты. Көрмені тамашалаған оқушылар жазушының шығармаларына қызығушылық танытып, кітаптарды парактап, сұрақ қойып, білімдерін толықтырды.

Іс-шараның ерекше сәттерінің бірі – домбырамен сүйемелденген әндердің орындалуы болды. Балалар Оралхан Бөкейдің шығармашылығы мен табиғат туралы ой-толғамдарын музыка арқылы сезінді. Әсіресе, домбыраның күмбірілеген үні мен өлең жолдарының үйлесімділігі оларға ерекше әсер етті.

Балалар тәрбие сағаты барысында көптеген мәліметтер алып, жазушының шығармаларының мағынасын түсінуге мүмкіндікке қол жеткізді. Оралхан Бөкейдің мұрасы – өскелең ұрпақ үшін ұлы тәрбие құралы. Рабіға Сыздық «Жазушы Оралхан Бөкеев – туған өлкесі – әсем Алтайдың, асқақ Алтайдың жыршысы!» деп баға берген. Оралханның әрбір туындысында асқақтық пен ұлттық рух айқын сезіледі.

Бақытжан АХУНОВ,

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

## «АРТ-спорт» БАҒДАРЛАМАСЫ: 13 731 бала тізімнен алынды

Сонымен бірге тиісті басқармалармен қатар, жергілікті атқарушы органдардың, қала және аудан әкімдіктерінің көмегімен «Даму бала» платформасына тіркелген балалардың ата-аналары 5740 баланың шын мәнінде шығармашылық үйірмелер мен спорттық секцияларға қатыспайтынын растап отыр. Күшейтілген зерделеу нәтижесінде өнім берушілер тарапынан жалған тіркелген 13 731 бала тізімнен алынып тасталды.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Д.Жаналинов атаған бағыттағы жұмыстарды тиісті мамандарды жұмылдыра отырып күшейтуді және жеделдетуді тапсырды.

Басы 1-бетте



Дәулет ТҰРСЫНХАН



# 12 СИЫР, 7 ЖЫЛҚЫ ТӨЛДЕТКЕН ВЕТЕРИНАР



Қала іргесіндегі Қарауылтөбе ауылдық округі негізінен мал шаруашылығын табыс көзіне айналдырған. Нұрәулет – осы ауылдың мал дәрігері. Қызылорда қаласының тумасы. Бірақ осы ауылға сіңіп кеткені соншалық, өз баласындай болған. Ауылда кімнің үйінде қандай түлік бар екенін біледі. Шокпардай кекілі бар қамыс құлақтың да, ірі қараның да, Ойсыл қара тұқымын да, Шопан ата төлдерін де талай емдеген. Тәжірибе мен еңбектің несібеге жол салатынын жақсы біледі.

– Бала күннен осы салаға қызығушылығым ауды. Өзің тандап барған салан болған соң жұмысты беріле істейсің. Адал еңбектің берері мол. Жазда ірі қара телеріоз болады, қыста аусыл болады, қандай аурудың болса да өршітін өз уақыты бар. Соның барлығына тәжірибемен, алған біліммен төтеп береміз. Сынама алатын уақыт, профилактикалық жұмыстар болады, бұл салада барлығын өз уақытымен жасамасаң, кейін орны толмас өкінішке әкеледі. Сондықтан біздің жұмыс тиянақтылығы қажет етеді, – дейді Нұрәулет Дастанұлы.

Бір ғана ірі қараның өзіне жылына екі рет бруцеллез ауруына диагностика жасайды. Тағы екі рет аусылдың алдын алу іс-шаралары жүргізіледі. Төрт түліктің қайсыбіріннің де жағдайын қарап жүреді. Арнайы шақыртып тұрғындар да бар. Мұның барлығы ветеринардың 365 күніндегі еңбегі. Соған сай тәжірибе де жинақтайды.

– Осы уақыт аралығында мен он екі сиыр, жеті жылқыны төлдеттім. Қой-ешкінің қаншамасы бар. Тірі жан иесі ғой, оларда да су кеткен соң 10 минут ішінде көмектесіп үлгеру керек. Әсіресе, бірінші тумаларға көмек міндетті түрде қажет. Хирургиялық-акушерлік оталардың біршамасын жасайды. Ол үшін қиналмаймын. Жірікпеймін де. Өйткені бұл – мамандығым. Ал шақырту жасаған адам бір бас малымен күнелтіп отыруы да мүмкін. Сондықтан, әрбір ісіміздің жауапкершілігін түсіне жүріп, еңбек етеміз, – дейді ветеринар.

Алақандай ауылда 1100 бас ірі қара, 750 бас уақ мал, 500-дің үстінде жылқы және 120 бас түйе тіркелген. Халықтың басым көпшілігі сүт сағумен айналысады. Табиғи таза өнім қай кезде де сұранысқа ие. Адал кәсіптен нәпақа айырып отыр. Ауыл тұрғыны Жаснұр Жақенов те – төрт түлікті туеліп отырған азамат. Қарауылтөбеге жолымыз түскенде Нұрәулет дәрігер осы үйге шақыртумен бара жатыр екен. Дереві бірге бардық, оның мал емдеу процесін көзбен көрдік.

– Мал ауырса, ветеринардың көмегіне жүгінеміз. Ем-домын жасап, уақытылы тексеру жүргізеді. Арнаулы профилактика жұмыстарын жасайтын кездері де бар. Қазақша «Шымшық сойса да, қаспашы сойсын» деген бар. Әркім өз ісімен айналысқаны дұрыс. Көбісі өзін емдеймін деп қателікке бой алдырады. Ветеринар маманның арнайы білімі бар. Біз маманға жүгініп, малымызды көрсетіп тұрамыз, – дейді Жаснұр Жақенов.

Қалалық ветеринариялық станция қызметкерлері елді мекендердегі мамандарға он көзқараста. Барлық қажеттіліктермен қамтылып, сақтық құралдары жеткізілген. Биыл қала көлемінде аурудың алдын алу, эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында аса қауіпті 12 түрлі жұқпалы ауруларға республикалық бюджет есебінен 319,9 мың доза ветеринариялық препарат қаралды. Қалаға бөлінген ветеринариялық препараттар ауылдық округтер мен кенттерге таратылды. Жоспарға сәйкес алдын ала егу жұмыстары жүргізілуде. Мамандардың айтуынша, қазіргі күні қала бойынша эпизоотиялық жағдай тұрақты.

– Жоспарға сәйкес бруцеллез ауруына қарсы 38 мың бас МІҚ, 48,4 мың бас уақ малдың қан сынамалары диагностикалық зерттелуге жеткізіліп, ауру мал анықталған жоқ. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп, ақпараттық жүйеге енгізіліп отыр. Биылғы 11 айда барлығы 14,9 мың бас (5,1 мың бас МІҚ, 8,5 мың бас уақ мал, 0,294 бас түйе, 2,4 мың бас жылқы, 0,130 бас шошқа) ауыл шаруашылығы жануарлары бірдейлендіріліп, ақпараттық жүйеге енгізілді. Ал материалдық-техникалық базаның жаңаруына келсек, ветеринариялық іс-шараларды уақытылы ұйымдастыру үшін ветеринариялық ұйымдардың материалдық-техникалық базасы мықты болуы қажет. Осыған байланысты 2013 жылы алынған мүліктерді жаңартуға 2021 жылдан бері облыстық бюджеттен қаржы бөлініп келеді, – дейді қалалық ветеринариялық станцияның эпизоотолог дәрігері Нұрбол Науымадинов.

Салаға жағдай жасалып, қажетті жабдықтармен қамтамасыз етіліп келеді. Мәселен, 2021 жылы Қызылорда қаласына 2 дана автокөлік берілсе, 2023 жылы 3 автокөлік, биыл 2 автокөлік табысталды. Ал 2022 жылы Қызылорда қаласына 12 дана термочемодан, 12 компьютер жанытығы берілген.

Басы 1-бетте



Дәулет ҚЫРДАН.  
Суретке түсірген Нұрбол НҰРЖАУБАЙ

# ТАРИХТЫ ТАҢБАЛАҒАН ЖАН



Ақиық ақын  
Мұқағали қазақтың ақын  
қызы Фаризаға арнаған  
өлеңінде:

«Біздерді де іздейтін  
жан болса егер,  
Шаң басқан архивтерден  
табылармыз», – деген еді.

Көзі қаракты әрбір оқыр-  
манға таныс осы өлең жолының  
өзінде-ақ архив саласы мамандарының  
табан ет, маңдай терін  
көрсетіп тұрған тәрізді. Астарына  
үңілген жан демде түсінетіндей-  
ақ. Бүгінгі күн – ертегі тарих. Ал  
сол тарихты көзің қарашындай  
корғап, ертеңге аманаттайтын жандар  
– архившілер. Саланың бел ортасында  
саналы ғұмырын адал еңбекке арнаған  
Гүлнар Рахметова – аймаққа белгілі  
жан. Ол жақында «Білім өркеніеті»  
Ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу

орталығының ұйымдастыруымен өткен «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері» атты республикалық байқауға қатысып, жеңімпаз атанды.

Еңбек жолын 1974-1978 жылдары туған жері Қазалы ауданының Ұрмаш Түктібаев ауылында жұмысшы, мектепте лаборант қызметінен бастаған ол осы аралықта сан қырлы өмір жолынан өтті. Ал архив саласындағы жұмысы 1977 жылы облыстық мемлекеттік архивте ІІ дәрежелі архивист болып басталған. Міне, содан бері 40 жылға жуық уақыт осында тер төкті.

– Өлеңкі кездері мен үшін түсініксіз, әлдебір жұмбақ болған архив ісі өзінің ерекшеліктерімен мені қызықтыра түсті. Иә, сол жұмысқа деген қызығушылығыммен зейнетке шыққанша еңбек еттім. Бірнеше сатыдан өттік. Архив қызметінде жүріп, жұмыстың ғылымилығы, болашаққа тарих болып қалатын құжаттардың сапалы сараптауы терең білімді қажет ететініне көз жеткіздім. Жұмыс барысында 1989 жылы Мәскеу мемлекеттік тарих және архив институтының жанындағы білім жетілдіру курсына оқым. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін сала жаңарды. Жаңа қағидалар мен ережелер қалыптасты, – дейді өмір жолындағы тәжірибесін ойға алған Гүлнар Қуанышқызы.

Әрине, еңбек елесе, қызметкердің биігі де сол емес пе?! Архив саласында қызмет атқарған уақытта кейіпкеріміз әдістемелік ұстанымдар құрастырды. Сараптау тексеру комиссиясында қаралып, облыс көлеміндегі архив қызметкерлері мен ведомстволық архив мамандарына көмекші құрал есебінде ұсынылды. Гүлнар Қуанышқызының қоржынында мұндай үлгідегі бірнеше еңбегі бар.

– Қызметтегі жылдары атқарған жұмысыма байланысты көптеген марапатқа қол жеткіздім. Архив жұмысының өміршеңдігі мен сұранысқа иелігіне байланысты әлде де архив ісінен қол үзбей, Қызылорда облыстық қорған шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясында архив маманы болып еңбек етіп келемін. Кейінге қалдыр дүние көп. Ол – біздің мойнымызда, – дейді білікті маман.

Бүгінде ол «Е-Архив» бағдарламасын жүзеге асыруды ұйымдастыру, құжаттарды сапалы сараптау, архив қағидаларына сай жұмыс жүргізіп келеді.

Аян СПАНДИЯР



София ГЕИМРӨЛӘТ  
Басы 1-бетте

## МОБИЛЬДІ АУДАРЫМ: 2025 ЖЫЛЫ НЕ КҮТІП ТҰР?

### Бақылау кезеңі

Қазақстанда мобильді аударымдарды реттеу кезең-кезеңімен енгізілуде. 2022-2023 жылы тексеру алдымен мемлекеттік қызметкерлер мен олардың жұбайларына қатысты жүргізілді. Бұл азаматтар санаты көзделіп экономикалық әлеуетті тәуекел аймағы ретінде таңдалды. Екінші кезең яғни 2023-2024 жылы бюджет және квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің мобильді аударымдарын қамтиды. Үшінші кезең – 2024-2025 жыл, жеке кәсіпкерлерді қамтитын болады. Соңғы кезеңде, 2026 жылдан бастап, Қазақстанның барлық азаматтарының мобильді аударымдарына бақылау енгізіледі. Әр кезеңнің нәтижелері салықтық түсімдерді арттыруға және бұл бастамаға қоғамда сын көзқарастар да бар, өйткені халық дербес қаржы аударымын емес, сонымен қатар азаматтардың қаржы сауаттылығын арттыруға ықпал етпек. Бақылау кезеңдері аяқталғаннан кейін ел экономикасы айқын және тұрақты бола түседі деген үміт бар.

**МОБИЛЬДІ АУДАРЫМ:  
2025 ЖЫЛЫ НЕ КҮТІП ТҰР?**

- Кәсіпкерлерден айналысқан азаматтарға төлемді қасалық апаратта жүзеге асыруы қажет.
- Егер төлем барысында кәсіпкер тек берсе, Әкімшілік жауапкершілік қарастырылған бірінші ретте ескерту, ал қайталанған болса, 40 АЕК көлемінде айыппұл салынады.
- 2024 жылдан бастап, Қазақстанның барлық азаматтарының мобильді аударымдарына бақылау енгізіледі.
- 3 айдың ішінде 100 түрлі адамның мобильді аударым алған болса, ол азаматтар камералардың бақылау алқымы мұндай.
- (2025 ЖЫЛЫ АЕК 3932 ТЕНГЕ)

## Көленкелі экономикадан шығар жол

Мобильді аударымдар кәсіпкерлік саласында кетінен қолданылып келеді. Көптеген шағын кәсіпкер төлемдерді мобильді қосымшалар арқылы қабылдайды. Бұл әдіс ыңғайлы болғанымен, салықтық есепке алуы қиындайды, бақылау-қасалық машиналары (БКМ) пайдалануға мүмкіндік береді. Салық органдарының мәзіметіне, көленкелі экономика көлемінің айтарлықтай бөлігі осындай операциялармен байланысты. Бұл мәселені шешу үшін мемлекет мобильді аударымдарды кәсіпкерлік және жеке мақсатта бөлуші міндеттейді. Осыған байланысты «мобильді төлем» ұғымы енгізіледі. Кәсіпкерлерге өз қызметтерінен түскен табыстарын арттыруға және жүктеледі. Бұл салықтық әкімшіліктің ашықтығын арттыруға және мемлекет бюджетіне түсетін салықтың өлділігі мен толықтығын арттыруға және етуге бағытталған. Жаңа ереже бойынша жеке мақсаттағы аударымдар салық салудан босатылады, ал кәсіпкерлік мақсаттағы аударымдар міндетті түрде салық есептілігінде көрсетілуі тиіс. Бұл өзгерістер, әсіресе, шағын және орта кәсіпке елеулі әсер етеді. Кәсіпкерлерге қосымша есепке алу рәсімдерін жеңілдету және салықтық есептілікті уақытылы тапсыру қажет болады. Мемлекет кәсіпкерлеріне жаңа ережелерді түсіндіру үшін ақпараттық түсіндіру жұмысын ұйымдастыруда. Алайда салықтық әкімшіліктің ізшеуі кейбір кәсіпкерлерді көленкелі экономиканың балама жолдарын түздеуге итермелеуі мүмкін.

## Табысын жасыратындарды қандай жаза күтіп тұр?

«NUR-KZ» сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, Қаржы министрінің мемлекеттік кірістер комитеті кәсіпкер ретінде тіркелмей кәсіпкерлік қызметтен айналысқаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылғанын айтады. Мұндай жағдайда айыппұл мөлшері – 15-тен 100 айлық есептік көрсеткішке дейін. (2024 жылғы бұл сома 59 430 теңгеден 396 200 теңгеге дейін). Сондай-ақ табысын жасырғаны үшін айыппұл салынады – ол төленбеген соманың 200%-ын құрайды. Қайталанған жағдайда айыппұл мөлшері 300%-ға дейін арттырылады. Мемлекеттік кірістер органы ағалған өзгерістер адал салық төлеушілерді қамтымайтын, тек заңсыз кәсіпкерлікті көленкелі экономикадан шығаруға бағытталғанын атап өтті.

Мобильді аударым – цифрлық экономиканы дамуының айқын көрсеткіші. Банктардың арасында күнделікті жағдайға айналды. Бұл үрдіс цифрлық қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді, сонымен қатар мемлекет тарапынан қосымша бақылауды қажет етеді. Цифрлық экономика сарапшыларымен пікірлесіп, мобильді төлемдерді реттеу цифрлық инновацияларды ынталандырумен қатар, олардың заң шеңберінде қолданылуын маңызы зор: бақылауды күшейте отырып, жаңа технологияны дамуына келергі келтірмеу маңызды. Сонымен бірге мемлекетке бұл ретте тепе-теңдікті сақтаудың инфрақұрылымы жетілдіруді қажет етеді. Мемлекет пен қаржы институттары арасындағы тиімді ынтымақтастық мобильді аударымдарды реттеу кәсіпкерлер мен мемлекет үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Ереже енгізілгеннен кейін көленкелі экономиканың жолы кесіліп, аударымдарды реттеу кәсіпкерлер мен мемлекет үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Ереже енгізілгеннен кейін көленкелі экономиканың жолы кесіліп, аударымдарды реттеу кәсіпкерлер мен мемлекет үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Ереже енгізілгеннен кейін көленкелі экономиканың жолы кесіліп, аударымдарды реттеу кәсіпкерлер мен мемлекет үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Басы 1-бетте





# ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ОТШАШУ: СӘН МЕН ҚАУІП

## Пиротехникаға сұраныс артып келеді

«Marketresearchintellect.com» сайтында жарияланған мәліметтерге сүйенсек, 2023 жылы отшашулар нарығы көлемі 2690,4 миллион АҚШ долларын құрады және 2031 жылға қарай 3795,1 миллион АҚШ долларына жетеді деп болжанады. Отшашулар мен пиротехника нарығы әлемдегі фестивалдер мен мерекелердің танымалдылығының артуына себеп болып, тез дамып келеді. Отшашу өнеркәсібі технологиялық жетістіктердің нәтижесінде өсуде. Сонымен қатар ұлттық және мәдени мерекелер отшашу сатылымының өсуіне ықпал етіп, сұраныс арта түседі. «inbusiness.kz» сайтында жарияланған мәліметтерге сүйенсек, 2023 жылы елге жалпы салмағы 231,1 тонна, құны 663,9 мың АҚШ доллар болатын пиротехника импортталған. Пиротехника импортының негізгі елі – Қытай. 2022 жылы қаңтардан қарашаға дейін Қазақстанға салмағы 159,4 тонна, құны 448,9 мың АҚШ долларын құрайтын болатын фейерверк жеткізілді. Санға қарамастан, елімізде пиротехникалық бұйымға сұраныс жыл сайын артып келеді. Дегенмен сапасыз дүние базарлар мен дүкен сөрелерінде әлі де жетерлік.

тұздары толық жанбай, көбісі ауаға, суға және топыраққа сіңіп, улы ауаға айналады. Бұл металдарды деммен жұтқанда түрлі аллергиялық реакциялар тудыруы мүмкін. «sciencedirect.com» сайтында жарияланған ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, бір сағаттық отшашуда ауадағы зиянды қосылыстар санын бірнеше есе арттырған. Зерттеулер көрсеткендей, жылы ауа райында пиротехника металдары белгіленген 100 км қашықтықта екі күн ішінде желмен таралады. Ластаушы заттар

пиротехникалық бұйымдардан зардап шекті. Аймақта оқыс оқиғалар орын алмағанымен, қауіптің алдын алу маңызды.

## Қауіптің алдын алу маңызды

2024 жылдың 5 желтоқсанынан – 2025 жылдың 3 қаңтары аралығында республика көлемінде «Пиротехника» жедел профилактикалық іс-шарасы өтуде. Іс-шараның басты мақсаты –



мен ауыр металдар ауаның ластануын күшейтеді. Сонымен қатар бұл шығарындардың қоршаған ортаға әсері тек ауада шектелмей, жанбырмен жуылып, жергілікті су айдындарында жиналып, оларды ластайды. Көптеген адам қауіпсіздік техникасын сақтамай, дүкендер сапасыз пиротехниканы сатады. Сапасыз өнімдер қолда жарылып, жаракаттар мен күйіктерге әкеледі. Мысалы, Данияда бір тонна отшашудан соң орташа есеппен 0,012 көз жаракаты болады екен. Жаңа жыл қарсаңында отшашудан көз жаракаттану жағдайлары Норвегияда, Америка Құрама Штаттарында, Ұлыбританияда, Францияда, Австрияда, Қытайда, Үндістанда, Иранда көп тіркелген. Елімізде де мұндай жағдай жетерлік. Былтыр Жаңа жыл мерекесі кезінде Алматыда үш бала мен он ересек адам

адамдардың пиротехникалық өнімдерді сақтау, сатып алу, тасымалдау тәртібінің сақталуын тексеру, сертификатталмаған сапасыз өнім жеткізушілерді анықтау, өнім салдарынан болатын төтенше жағдайлардың алдын алу. Қызылорда облысы Полиция департаментінің әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары Нұркен Бақтыяровтың айтуынша, іс-шара барысында облыс көлеміндегі базарлар мен ірі сауда орталықтарында Қызылорда облысы полиция департаментінің әкімшілік полиция басқармасы мен төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлерімен бірлесіп, рейдтік іс-шаралар жүргізілуде.

– Кәметке толмағандар арасында жаракат алуды болдырмау, алдын алу мақсатында облыс көлемінде барлық білім беру мекемелерінде мектеп инс-

пекторлары кәметке толмағандар арасында қауіпсіздік шаралары туралы дәріс оқылып, түсіндірме жұмысы жүргізілуде. Іс-шара барысында барлығы 12 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, 254 дана пиротехникалық бұйымдар тәркіленді. Бұл бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табады, – дейді Қызылорда облысы полиция департаментінің әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары Нұркен Бақтыяров.

## Өрт қауіпсіздігін сақтау оқыс оқиғадан сақтайды

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында пиротехникалық бұйымдарды қолдану кезіндегі өрт оқиғаларын болдырмау және жаракат алу жағдайларының алдын алу маңызды. Аймағымызда жаңа жыл мерекесі қарсаңында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ адамдардың пиротехникалық заттар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шаралар легі жалғасын табады.

– «Пиротехника» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында полиция қызметкерлерімен бірлесіп облыс көлеміндегі базарлар, сауда орталықтары, автовокзал, теміржол вокзалы және адам көп шоғырланған орындарда 21 рейдтік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара барысында кәсіпкерлерге және тұрғындарға пиротехникалық бұйымдарды қолдану кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау түсіндірілуде. Одан бөлек, қазіргі таңда жаңа жылдық кештер өтетін кафе мен мейрамханалар тізімі жасалып, кәсіпкерлерге өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Кәсіпкерлік нысандарға өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету туралы ұсыныс хаттар жолданды, – дейді облыстық ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Асхат Оразбеков.

Отшашулар мерекемізді көркемдеп, қуаныш сыйлайтын болса да, олардың қауіп мен қоршаған ортаға тигізетін зиянын ұмытпау керек. Жаңа жыл мерекесі жақындап келе жатқандықтан, әрбір отбасы қауіпсіздік шараларын естен шығармауы тиіс. Пиротехникалық бұйымдарды қолданғанда, балалар мен жануарларды қорғау, сондай-ақ өрт қауіпсіздігін сақтау маңызды. Пиротехникалық бұйымдардың сапасы мен сертификатталғанына назар аудару керек. Қоғамдық орындарда және үлкен мерекелік шараларда отшашуларды қолданғанда қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайту үшін экологиялық таза өнімдерді пайдаланған жөн. Отшашуларды қауіпсіз және дұрыс пайдалануды үйренуіміз керек. Бұл тек біздің денсаулығымыз бен қоршаған ортаны қорғауға ғана емес, сондай-ақ мерекемізді шын мәнінде көңілді және қауіпсіз өткізуге ықпал етеді.

София ХАЙРУЛЛА

«СМАРТФОНСЫЗ САБАҚ»: БІЛІМ САПАСЫ МЕН БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ КІМДІ ОЙЛАНДЫРУЫ КЕРЕК?

Сонымен қатар халық қалаулысы бұған қатысты бірқатар ұсынысын жеткізген. Оның айтуынша, әлеуметтік желілерге қолжетімсіз, ата-аналармен байланыс жасауға мүмкіндік беретін батырмалы телефондарды немесе сағаттарды қолдануға рұқсат беру, мектептерде смартфондарды арнайы сақтау орындарын ұйымдастырып, балалардың оларды тек төтенше жағдайларда қолдануын қамтамасыз ету керек. Бұл өз кезегінде смартфондардың білім беру ортасына тигізетін зиянын азайтып, сапалы білім мен тәрбиеге назар аударуға мүмкіндік бермек.

Жақында әлемдік сөздік қорға «brain gob» жаңа сөз тіркесі қосылды. Бұл қазақ тілінде «ми шіргі» деген мағына береді. Оксфорд университеті енгізген бұл тіркес адамдардың смартфонға тәуелділігінен туындап отыр. Мұны зерттеген америкалық нейробиологтың сөзіне сенсек, адам миында «хабенула» деп аталатын шағын, бірақ маңызды аймақ бар екен. Бұл мидың шешім қабылдауына және құлшынысына жауап береді. Аталған аймақ күні бойы ми қабылдаған алаңдаушылық пен негативтен шаршап, құтылғынз келген кезде іске қосылады-мыс. Өкінішке қарай, адамның бұл күйден шығуы қиын көрінеді. Себебі



хабенула адамның әрекетке деген құлшынысын өшіреді. Соның салдарынан есте сақтау қабілеті нашарлап, адам зейінін де, өмір сүруге деген құлшынысын да жоғалтады. Ғалымдар бұған бір сөзбен «мидақ шіру» деген баға берген.

Адам миының шіруіне смартфонның өзі жететінін ғалымдар осылай дәлелдеуде. Күні бойы телданған бас көтермей, әлеуметтік желідегі түрлі мән-мағынасыз дүниеге әуестеніп, уақыт жоғалтатындар мұны ескеруі керек сияқты. Ал сана-сезімі енді қалыптасып келе жатқан балалардың денсаулығын ерте жастан құртып алу үшін алдымен ата-ананың баса мән бергені жөн болар.

Абай атындағы 3 тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектептік математика пәні мұғалімі Гүлжан Садуақасова сабақ барысында оқушылардың смартфон қолданбау керектігін айтады. Оның айтуынша, мұғалімнің сапалы сабақ беруде де, баланың сабақты толық игеруіне де көмегі келтіреді.

– Оқушы мектепте білім алуға берілетін 6 сағат уақытты тиімді пайдалануы тиіс. Смартфон ұстау қазіргі заман талабына сай болғанымен оны ретімен қолданған жөн. Телефон, гаджеттің денсаулыққа зияны туралы оқи айтылуда. Дегенмен оған бас ауыртқымыз келмейді. Әсіресе, оқушылардың смартфонға тәуелділігі ата-аналарды толғандыруы керек. Өз басым сабақ барысында оқушылардың смартфонның жинап аламын. Бастапқы да оқушылар қарсы болған. Мұны ата-аналар да қолдаған соң қазір оқушылар да үйренді. Мұғалім сабақ түсіндіріп жатқанда оқушының бар ойы тек оқуда болуы керек. Өрине, смартфонның тиімді тұстары да бар. Мәселен, оқушының білім деңгейін тексеруде кейде арнайы платформалар арқылы тест тапсырады. Сондай сәтте смартфон қажет болады. Сол үшін қажет кезде ғана қолданған дұрыс. Өкініштісі сол, балалар қазір әлеуметтік желілердегі 1-2 минуттық қысқа бейнелерді көруге дағдыланған. Бұл баланын есте сақтау қабілетін, зейінін төмендетеді. Оның орнына өз жасына сай кітап, газет-журнал оқыса оқушының зерек болуына үлкен көмегі болар еді, – дейді Гүлжан Сайранқызы.

Бүгінде смартфонның адам денсаулығына, оның ішінде психикаға тигізетін кері әсері терең зерттеліп, ғалымдар тарапынан дәлелденіп келеді. Десе де смартфонға тәуелділікті жоя алмай тұр.

А.ӘЛІМ

Басы 1-бетте

## Балағат сөзден аулақ бол

Барлық адам қоғаммен тығыз байланысты өмір сүретіні анық. Күнделікті өмірде және жұмыс барысында, тіпті отбасылық дағдыда да қарым-қатынас құралы тіл екені анық. Адам ағзасының ішінде сүйексіз тіл болса да, оны дұрыс қолданса ғана дұрыс өмір сүресін. Бұрыс қолданса, біреудің жанын жосып өткендей сөз айтуы мүмкін. Сондықтан да қазақ «Тіл тас жаралды, тас жармаса бас жаралды» деп жөн айтқан.

Мұхаммед пайғамбар (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Сөйлесең жақсы сөз сөйле, болмаса үндеме» деген. Қазір қоғамдық ортада балағат сөзді орынсыз қолданушылар бар. Бұл – адамның ар-намысына, ұятына нұқсан келтіру. Хадиске сүйенсек, «Мұсылман тілімен де, іс-әрекетімен де ешкімге зиян келтірмейді». Пайғамбар өсиетінде мұсылман үшін мұсылманның малы, ары, жаны харам делінген. Яғни біреудің жанын ауыртатындай, намысына тиетіндей немесе балағат сөз айтпай талап, қарғап-сілеуге болмайды.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Аллаға иман еткен кісі – міншіл емес, қарғап-сілеуші емес, жаман жүрісті емес, былалып, балағат сөзді емес», – деді (Тирмизи). Біз бұл хадистен өзін мұсылман санайтын адамның бойында осындай жағымсыз нашар мінез-құлық не әрекеті болса онан арылуы тиіс екенін ұғамыз.

Тағы бір хадисте: «Қиямет күні кісінің таразыға

ауыр басытын нәрсесі – көркем әдеби. Алла Тағаланың былалып сөз айтатын кісіге ашуы келеді», – делінген (Нәсаи).

Алла Тағала бізге әрбір ағзаны өзіндік қызметін дұрыс атқару үшін нәсіп етті. Тілдің негізгі міндеті – Алланы ұлықтау, мадақтау, әрі жақсы сөз сөйлеу. Қазақ халқы «Жақсы сөз – жарым ырыс» деу арқылы жақсы сөз сөйлеу керектігін айтқан. Сахаба Муғаз бин Жәбәл: «Уа, Алланың Елшісі! Сөйлеген сөзіміздің барлығына жауап береміз бе?», – дейді. Сонда хазіреті Пайғамбар (с.ғ.с.): «Адамдардың мұрындарымен жер сүзіп, тозақта азапталуының басты себебі, осы – тілдің кесірі», – деп жауап берген. Сондықтан, абайлап сөйлеу – ақылдылықтың, имандылықтың белгісі. Жүсіп Баласағұн: «Ақыл-ойдың көркі – тіл, Тілдің көркі – сөз», – деп, адамның парасат-пайымы тіл арқылы байқалатынын айтқан. Ал Асан қайғы: «Таза мінсіз асыл тас, Су түбінде жатады. Таза мінсіз асыл сөз, Ой түбінде жатады», – деп жырлаған. Сондықтан таза ой, мінсіз асыл сөзді дұрыс ақыл иесі ғана орныммен қолданады.

Мұстафа БИСЕН, қалалық Құддус ишан мешітінің бас имамы

## 7 кітап оқырманмен қауышты

Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде белгілі ақын, табиғи талантымен дүйім елге танылған Елубай Әуезовтің «Сыйлағым кеп тұрады біреуге үміт» атты шығармашылық кеші мен 7 бірдей кітабының тұсаукесері болды.

Әдеби-сазды кешті арқалы ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Дүйсенбек Аяшұлы жүргізді.

Мерейлі кеште облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов ақынға аймақ басшысының құттықтауын тапсырып, Сыр елінің ізгі лебізін жеткізді. Арқалы ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, республикалық «Таңшолпан» журналының бас редакторы Нұрлыбек Саматулы, белгілі ақындар Асантемір Қаршыға, Айдар Сейдазым құттықтап, сый-сыяпатын тапсырды.




Сыр елінің шығармашылық өкілдері атынан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қатира Жәленова, ардагер ұстаз, ақын Қанзада Алтаева құттықтап, арнау жырын оқыды. Аймақтың ел ағалары Әмірбек Шәменов, Ибрагим

Әбибуллаев, ақынның ауыл-дасы, тарихшы, өлкетанушы Жұмабай Байзақ жұржардағы тілегін білдіріп, 7 кітаптың тұсауын кесті. Қалалық жастар театрының актерлері ақын шығармашылығынан өлең оқып, көрерменге ғажап көңіл-күй сыйлады.

Ғайһар АСҚАРҚЫЗЫ

Меншік иесі:



Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ  
Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы  
Бас редактор  
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)  
Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірінмен сертификатталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдарды пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына ауырдың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жазма мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басып үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4А.  
Таралымы 3498 Тапсырыс №1993  
Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН